

## "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 166 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 маусымда № 5686 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 140 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 15.06.2016 № 140 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Әулиекөл ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекітілсін.
2. Осы қаулының бірінші рет ресми шыққанынан кейін он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А. Балғарин

Әулиекөл ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 19 маусымдағы  
№ 166 қаулысымен бекітілді

## **"Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты"**

### **мемлекеттік мекемесі туралы**

#### **Ереже**

##### **1. Жалпы ережелер**

1. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, үйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жок.

3. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: 110401, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Аманқарағай ауылы, Ленин көшесі, 58.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты"**  
мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері,

құқықтары және міндеттері

14. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауылдық округі әкімінің талдамалық, үйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық іс-әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) қоғамдық үйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

3) мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғарлауын қамтамасыз ету.

16. Функциялары:

1) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

2) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді жариялау;

3) аппарат жұмысын жоспарлайды, кеңестер, семинарлар және басқа да шараларды өткізу; оларды дайындауды және өткізу; үйымдастыруды;

4) Аманқарағай ауылдық округі әкімінің шешімдерінің және өкімдерінің жобаларын дайындайды;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, аудан әкімінің, Аманқарағай ауылдық округі актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

6) әкімі шығарған актілерді тіркеуін жүргізеді актілерін тиісті ресімдеуін және таратуын қамтамасыз етеді;

7) Аманқарағай ауылдық округі әкімінің аппаратында жоспарға сәйкес іс қағаздарын жүргізуін үйымдастырады;

8) қызметтік құжаттарды, жеке және занды тұлғалардың жүгіндерін қарайды, әкімнің жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды үйымдастырады;

9) мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шаралар қолданады;

10) жұмыстың стилін, әдісін жақсарту шараларын және жаңа ақпараттық технологияларын енгізу бойынша жұмыс жүргізеді;

11) қолданыстағы заннамаға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады;

12) мемлекеттік қызмет көрсетудің регламенттері мен стандарттардың жетерлігін қамтамасыз етеді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде Аманқарағай ауылдық округі әкімінің құзырына енетін мәселелері бойынша мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалар мен басқа үйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқалай материалдарды сұратып алуға;

2) тиісті аумақта басқарудың тиімділігін жетілдіру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен және басқа үйымдармен өзара іс-эрекет ету;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ аудан, облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты"**

мемлекеттік мекемесінің қызметін үйымдастыру

18. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесін басшылықты "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауыл әкімі жүзеге асырады.

19. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Ауылдық округінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. Ауылдық округінің әкімінің өкілеттігі:

1) мемлекеттік және басқа органдарда ауылдық округінің әкімі аппаратының мұддесін ұсынады;

2) аппарат жұмысын үйымдастырады, басқарады және аппаратқа жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына жеке жауап береді;

3) Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты туралы ережені, аппараттың құрылымы және штаттық қызметкерлер саны бойынша ұсыныстарды әзірлейді, еңбекақы төлемі қорын ұнемдеу шегінде мемлекеттік қызметшілерді материалдық ынталандыруды сыйақы белгілейді;

4) Аманқарағай ауылдық округі әкімінің аппаратында ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

5) аппарат қызметшілерінің міндеттері мен өкілеттігін анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінен және мемлекеттік қызмет

туралы заңнамаларға сәйкес қызметкерлерді тәртіптік жазаға тартады;

7) Аманқарағай ауылдық округі әкімінің аппаратында мемлекеттік қызмет туралы заңның орындалуын бақылайды;

8) өкімдер мен шешімдер шығарады;

9) қолданыстағы заңнамаға сәйкес кадрлар бойынша жұмысты үйымдастырады;

10) өз өкілеттігі шегінде қызметтік құжаттарға қол қояды;

11) Аманқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлерін іс-сапарларға жібереді;

12) жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдауды жүзеге асырады;

13) нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалардың және басқалай құжаттардың жобаларын әзірлеуде топтар үйымдастырады;

14) аппараттың ақшалай қаржыларына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

15) аппарат қызметкерлері орындауға міндettі нұсқаулар береді;

16) сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар өткізеді, сол үшін жеке жауапты болады;

17) өз өкілеттігі шенберінде гендерлік саясатты іске асырады;

18) өз өкілеттігіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

"Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

22. Ауылдық округінің әкімі өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

**4. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты"**

мемлекеттік мекемесінің мүлкі

23. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлкі, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық аудандық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз

бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты"**

мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

**26. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК